

Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай NIS-те «Қазағымның әдебиеті» атты ауқымды жоба басталды



Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күні «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы қазақ әдебиетіне арналған «Қазағымның әдебиеті» атты ауқымды жобаны қолға алды.

Оқушылар, ұстаздар және ата-аналарды белгілі ақын-жазушылармен жүздестіретін символдық қоңырау барлық NIS-те соғылды. Бірыңғай әдебиет сабағы мектептің YouTube арналары мен басқа да интернет-платформаларда тікелей эфирде көрсетілді. «Қазағымның әдебиеті» NIS-тің «Ұлы дала ақындары», «Замандастар жырлары», «Менің өмірімде қолданылатын мақал-мәтелдер», «Wikipedia», READx, «Ұрпақтар сабақтастығы», «Қоғамға қызмет ету», «Ғылыми орта», «Даналық бейсенбі», «100 ән», «100 күй» сынды әдеби және әлеуметтік жобаларымен тоғысып отыр.

Алматыдағы химия-биология бағытындағы Зияткерлік мектепте өткен «Ағалар айтқан асыл сөз» атты кездесудің басты тақырыбын есімідері республикаға танымал тұлғалар – Смағұл Елубай, Жүрсін Ерман және Бекжан Өшірбаев ашып берді. Бірыңғай әдебиет сабағы мектепішілік «Нұр сазы» ұлт аспаптары оркестрінің орындауындағы Құрманғазының әйгілі күйі «Сарыарқа» мен Жүрсін Ерманның «Ертегі» өлеңі желісінде өрбіген шығармадан басталды. 9-сынып оқушылары атақты Смағұл Елубайдың қаламынан туған «Ақ боз үй» трилогиясының ең қызықты үзінділерін сахналады. «Ағалар айтқан асыл сөз» атты поэтикалық композицияда Жүрсін Ерманның «Өз үйім – өлең төсегім», «Болсам да өтіп кеткен жылдарға алаң» және Бекжан Өшірбаевтың «Бақыт жарнамасы», «Өмірбаян» атты өлеңдері оқылды. Мектепте Дүниежүзілік кітап күніне арналған қазақ әдебиетінің онкүндігі жалғасуда.